

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығының кейбір мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 қыркүйек N 1038 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 шілдедегі № 597 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.07.2015 № 597 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 тамыздағы N 983 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 33, 311-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақта "сыйлығы" деген сөз "сыйлығын беру" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығы туралы ережеде:

1 - т а р м а қ т а :

"қоғамдық, кәсіби жағынан танылған" деген сөздер алынып тасталсын;

"беріледі." деген сөзден кейін мынадай мазмұндағы сөйлеммен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Сыйлық талантты жастарды ынталандыру және олардың айрықша сіңірген еңбегін тану мақсатында беріледі.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сыйлық мынадай (саны 10): ғылым, әдебиет, журналистика, спорт, халық шығармашылығы, дизайн және бейнелеу өнері, эстрада, театр және кино, классикалық музыка, қоғамдық қызмет атаулары бойынша екі жылда бір рет б е р і л е д і . " ;

4 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Сыйлық беруге қызметі инновациялық болып табылатын және тиісті саланы және тұтастай алғанда қоғамды дамытуға ықпал ететін кандидаттар ұсынылады." ;

е к і н ш і а б з а ц т а :

"жұмысты" деген сөз "кандидатураны" деген сөзбен ауыстырылсын;
", сондай-ақ еңбектерінің жиынтығы бойынша" деген сөздер алынып
т а с т а л с ы н ;

5-тармақтың бірінші абзацында:

"Шығармалар мен еңбектерді ұсыну, оларды", "сараптау және" деген сөздер
а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

"қабылдау" деген сөздің алдында "Конкурстық құжаттарды" деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"сыйлығы" деген сөз "сыйлығын беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Кандидатураларды сыйлыққа ұсыну тәртібі мен мерзімі туралы
хабарландыру, сондай-ақ жекелеген атаулар бойынша Комиссияның қарауына
берілетін қажетті конкурстық материалдардың тізбесі осы Ереженің 13-
тармағына сәйкес сыйлық ресми тапсырылғанға дейін төрт айдан кешіктірмей
б а с п а с ө з д е ж а р и я л а н а д ы .

Конкурсқа қатысатын кандидатуралар тізімі мен оларды ұсынған ұйымдарда
да б а с п а с ө з д е ж а р и я л а н а д ы . " ;

7 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Кандидатураларды сыйлыққа орталық, жергілікті және өзге де мемлекеттік
органдар, шығармашылық және кәсіби одақтар, қоғамдық жастар бірлестіктері
және өзге де ұйымдар ұсынады." ;

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"Ғылым" атауы бойынша үміткерлерге міндетті мемлекеттік
ғылыми-техникалық сараптаманың қорытындысы қосымша беріледі." ;

8 - т а р м а қ т а :

"қатысатын жұмыстар" деген сөздер "қатысушы кандидаттардың қызметі"
деген сөздермен ауыстырылсын ;

"көпшілік алдында көрсетілуі және" деген сөздер алынып тасталсын ;

9-тармақтағы "басқа да жұмыстарымен" деген сөздер "қызметімен" деген
с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

10-тармақ алынып тасталсын ;

12-тармақтағы "өзара" деген сөз "олардың мүшелері арасында" деген
с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің "
Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығы жөніндегі Комиссиясы туралы ережеде:

тақырыбында "сыйлығы" деген сөз "сыйлығын беру" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Комиссия қызметінің ұйымдық, материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі жүзеге асырады.";

2-тармақтың үшінші абзацындағы "25" деген сан "17" деген санмен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "жұмыстарды" деген сөз "кандидатуралардың конкурстық құжаттарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

ү ш і н ш і а б з а ц т а :

"жұмыстарды" деген сөз "кандидатураларды" деген сөзбен ауыстырылсын;

"авторлар мен" деген сөздер алынып тасталсын;

т ө р т і н ш і а б з а ц т а :

"жұмыстардың" деген сөз "кандидатуралардың қызметін" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

"жұмыстарды" деген сөз "кандидатураларды" деген сөзбен ауыстырылсын;

"үшін, олар жөнінде қорытындылар мен ұсыныстар әзірлеу" деген сөздер алынып тасталсын;

5-тармақтың бірінші және екінші абзацтарындағы "жұмыстарды" деген сөз "кандидатураларды" деген сөзбен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "жұмысы" деген сөз "кандидатурасы" деген сөзбен ауыстырылсын.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.08.26. N 897 қаулысымен .

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығы жөніндегі комиссиясының құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 шілдедегі N 1074 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 29, 365-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі